**ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Бекітемін»**
Өнер факультетінің деканы
__________ Байгутов К.А.
«29» 05 2025 ж.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары бойынша **«B006 - Музыка мұғалімдерін даярлау»** білім беру бағдарламалары тобына (бакалавриат) түсушілердің арнайы (шығармашылық) емтиханы

# БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы:
6B01402-Музыкалық білім

**«B006 - Музыка мұғалімдерін даярлау»** білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсу емтиханының бағдарламасы «16» 05 2025 ж., «Музыкалық білім және Хореография» кафедрасының отырысының № 9 хаттамасымен талқыланды.

Кафедра меңгерушісі:______________ Кошербаев Ж.А.

Бағдарлама факультет кеңесінің «29» 05 2025 ж., № 9 хаттамасымен ұсынылды

Алматы, 2025 ж.

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» № 569 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы» № 327 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 327 бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (14.05.2024 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) № 600 бұйрығына сәйкес талданып жасалды.

Музыка мұғалімін даярлау саласында педагог кадрларын даярлау - арнайы теориялық дағдыларды тереңдетіп зерделеуді және нақты практикалық құзыреттерді меңгеруді талап ететін күрделі көп қырлы процесс.

В006 - Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру тобы бойынша, «6В01402-Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды Өнер, мәдениет және спорт институтының профессорлары мен кафедра оқытушыларының құрамынан құрылған арнайы емтихан комиссиясы қабылдайды. Арнайы (шығармашылық) емтихан өнер саласындағы білім беру бағдарламаларының топтарына түсетін барлық талапкерлер үшін міндетті болып табылады.

Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу көрсетілген Үлгілік қағидаларға 1-қосымша көрсетілген тізбеге сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары білімнің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарының нәтижелері ескеріле отырып, жүзеге асырылады. Жоғары білімнің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар адамдар 2 (екі) шығармашылық емтихан тапсырады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар 1 (бір) шығармашылық емтихан тапсырады. Жоғары білім кадрларын даярлаудың қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін ұқсас бағыттар бойынша жоғары білімнің шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар 1 (бір) шығармашылық емтихан тапсырады. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін

шығармашылық емтихандар 50 (елу) баллдық жүйе бойынша бағаланады. Жоғары білім кадрларын даярлаудың қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін ұқсас бағыттар бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 (жиырма) баллдық жүйе бойынша бағаланады.

## Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

### I – шығармашылық емтихан

### Орындау шеберлігі

Орындау шеберлігі емтиханның мақсаты –«6В01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға талапкердің жалпы музыкалық дайындығын тексеру.

Міндеттер:

- талапкердің шығармашылық әлеуетін бағалау;
- музыкалық қабілеттерді, арнайы аспапты меңгерудің техникалық мүмкіндіктерін, импровизациялау дағдыларын меңгергендігін саралау;

1. Талапкер өзінің үйренген аспабында орындау шеберлігі бойынша әртүрлі сипаттағы екі шығарманы орындауы тиіс (домбыра, қобыз, баян, фортепиано және т.б.);
2. Қалауы бойынша әртүрлі сипаттағы екі әнді өзі сүйемелдей отырып, орындау тиіс.

### Орындау шеберлігі
### I – шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері

| Баға | Балл | Бағдарламының бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| Өте жақсы | 40-50 | Бағдарлама қатесіз, сауатты, айқын, мәнерлі, техникалық жағынан мығым, жоспарланған мерзімде орындалды. |
| | 35-40 | Бағдарлама қатесіз, сауатты, айқын, мәнерлі, техникалық жағынан мығым, жоспарланған мерзімде орындалды, дегенмен шағын қателіктер жіберілді. |
| Жақсы | 30-35 | Бағдарлама қатесіз, сауатты орындалды, дегенмен мәнерлігі мен айқындылығы жетіңкіремейді. |
| | 25-29 | Бағдарлама қатесіз, сауатты орындалды, дегенмен мәнерлігі мен айқындылығы жетіңкіремейді, қателіктер жіберілді. |
| | 20-24 | Бағдарлама талапқа сай болғанмен, біраз қателіктері бар. |
| Қанағаттан арлық | 15-19 | Шығарманы орындау бағдарламаның сандық және сапалық талаптарына сай емес. |
| | 14-18 | Бағдарлама сандық талаптарға жауап бере алмайды және шығарманың мән-мағынасын, дамуын түйсіне отырып орындай алмады. |

| | | |
|---|---|---|
| | 10-13 | Шығарма толығымен орындалмады, жатталмаған, қателіктері бар, музыкалық қабілеттердің (музыкалық есту, ырғақ, интонация, музыкалық есте сақтау жіне тб.) білімі мен орындаушылық машықтарының өте төмен деңгейі |
| Қанағаттан арлықсыз | 0-9 | тексеріліп отырған музыкалық қабілеттердің (музыкалық есту, ырғақ, интонация, музыкалық есте сақтау жіне т.б.) білімі мен орындаушылық машықтарының толығымен жоқтығы байқалады |

## II – шығармашылық емтихан

## Жалпы музыкалық қабілеттерді демонстрациялау

1. Талапкерлердің музыкалық қабілеттері тексеріледі (есту қабілеті, дыбыстарды таза айту мүмкіндігі, ырғағы, белгілі бір әуенді есте сақтау қабілеті).

2. Коллоквиум:

- музыкалық өнердің тарихы бойынша білім; әртүрлі заманның сазгерлердің шығармашылығы – шетел композиторлары, кеңестік және орыс орындаушылық мектептері, Қазақстан композиторлары және олардың шығармалары;
- әртүрлі әншілік және орындаушылық мектептерлер туралы мағлұмат;
- белгілі халық және кәсіби сазгерлерді, әншілерді және орындаушыларды атау;
- қазіргі таңда белгілі әншілер, орындаушылар және көрнекті вокальді ансамбльдер, топтар туралы мәлімет.

| Баға | Балл | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| Өте жақсы | 40-50 | Жауаптары стилистикалық сауатты, логикалық дұрыс ашқан; теориялық ережелерді нақты музыкалық мысалдармен келтіре білген; музыкалық теориялық терминологияны тура қолдануды толық көрсеткен, тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде, шығармашылық жолын қолданып орындаған |
| | 35-40 | Музыкалық теориялық терминологияны қолдануда білместік пен оқу материалын түсінбегендіктің салдары болып саналмайтын жеке қателіктер немесе дәлсіздіктер жіберген; |
| Жақсы | 30-35 | Музыкалық тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде емес орындаған, тапсырманы орындаған кезде шығармашылық жолын қолданған |
| | 25-29 | Баяндауда жауаптың логикалық және ақпараттық мазмұнын бұрмаламайтын бірнеше қателіктер жіберілген; жауаптың негізгі мазмұнын баяндауда бір-екі кемшіліктер жіберілген. |
| | 20-24 | Музыкалық теориялық терминологияны қолдануда қателік немесе екіден астам кемшіліктер жіберілген; музыкалық тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде емес орындаған |

| | | |
|---|---|---|
| Қанағаттан арлық | 15-19 | Материалдың мазмұны толығымен немесе жүйелі түрде ашылмаған, бірақ білім алушы сұрақты жалпы түсінген және жеткілікті білімі көрсетілген, түсініктерді анықтауда, музыкалық терминдерді қолдануда қиындықтар мен қателіктер жіберген. Музыкалық тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде емес орындаған |
| | 14-18 | Музыкалық теориялық материалдың білімін аңғару кезінде негізгі біліктілік пен машықтардың жеткіліксіз қалыптасқандығын байқатқан |
| | 10-13 | Музыкалықтерминдерді пайдалану кезінде түсініктерді анықтауда қателіктер жіберген, музыкалық қабілеттері төмен деңгейі |
| Қанағаттан арлықсыз | 0-9 | Білім алушының тексеріліп отырған музыкалық қабілеттерінің және міндетті білімі мен машықтарының толығымен жоқтығы байқалады. |

**Күндізгі бөлімі (Оқу мерзімі – 3 жыл)**
**(музыкалық колледж, мәдени-ағартушылық, педагогикалық колледждердің музыкалық бөлімдерін және т.б бітіргендер үшін.)**

**Шығармашылық емтихан**
***Жалпы музыкалық қабілеттерді демонстрациялау***

**1. Мамандық бойынша бағдарламаны орындау**:

**а) Фортепиано, баян, аккордеон:**
- Күрделі формалы шығарма (І-бөлім);
- пьеса.

**ә) Халық аспаптары: домбыра, қобыз және т.б.:**
- күй (шертпе, төкпе);
- қазақ немесе шетел композиторларының шығармасы.

**б) Хорды дирижерлау:**
- акапеллалық шығарманы жатқа орындау:
- шығарманы сүйемелдеумен дирижерлау.

**в) Вокалистер (әншілер):**
- екі шығарманы (ән, романс, ария және т.б.) орындау (мүмкіндігінше өзінің сүйемелдеуімен).

**2. Музыкалық теориялық пәндерден білімдері тексеріледі** (сольфеджио және музыка теориясының негіздері)

а) музыка теориясының негіздері курсы бойынша;

ә) Б.Калмыков, Г.Фридкин және т.б. “Сольфеджио” пәні көлемінде нотаға қарап оқи білу;

б) берілген ладтың кез келген басқыштарынан интервалдар, аккордтар құрып, таза айту;

в) интервал, лад, аккордтарды есту қабілеттері бойынша анықтау.

**3. Коллоквиум (жалпы және музыкалық ой-өрісін анықтау):**
- музыкалық өнердің тарихы бойынша мағлұмат; әртүрлі заманның

сазгерлердің шығармашылығы – шетел композиторлары, кеңестік және орыс мектептері, Қазақстан композиторлары және олардың шығармалары;

- әртүрлі әншілік және орындаушылық мектептерлер туралы мағлұмат;

- музыканы оқыту тарихы мен әдістемесінің сұрақтары (белгілі педагог-әдіскерлер, музыканттар-ағартушылар; "Музыка" сабағының бағдарламалары; Қазақстанда еңгізілген "Музыка" пәнінің альтернативті бағдарламалар туралы);

- вокалды-хор жұмысының теориясы мен әдістемесінің сұрақтары: белгілі хор ұжымдары, әншілік дауыстардың түрлері, хор ұжымдардың түрлері, хор шығармасымен жұмыс істеудің әдістемелері; белгілі педагогтар-хормейстірлер; үздік әншілер-вокалисттер; танымал вокальды-хор ұжымдар мен ансамбльдер.

**Жалпы музыкалық қабілеттерді демонстрациялау**
**Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері**

| **Баға** | **Балл** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| Өте жақсы | 19-20 | Бағдарлама қатесіз, сауатты, айқын, мәнерлі, техникалық жағынан мығым, жоспарланған мерзімде орындалды.<br>берген жауаптарын стилистикалық сауатты, логикалықдұрысашқан;теориялық ережелерді нақты музыкалық мысалдармен келтіре білген;<br>- музыкалық теориялық терминологияны тура қолдануды толық көрсеткен,<br>- тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде, шығармашылық жолын қолданып орындаған |
| | 17-18 | Бағдарлама қатесіз, сауатты, айқын, мәнерлі, техникалық жағынан мығым, жоспарланған мерзімде орындалды, дегенмен шағын қателіктер жіберілді.<br>Музыкалық теориялық терминологияны қолдануда білместік пен оқу материалын түсінбегендіктің салдары болып саналмайтын жеке қателіктер немесе дәлсіздіктер жіберген; |
| Жақсы | 15-16 | Бағдарлама қатесіз, сауатты орындалды, дегенмен мәнерлігі мен айқындылығы жетіңкіремейді.<br>Музыкалық тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде емес орындаған, тапсырманы орындаған кезде шығармашылық жолын қолданған |
| | 13-14 | Бағдарлама қатесіз, сауатты орындалды, дегенмен мәнерлігі мен айқындылығы жетіңкіремейді, қателіктер жіберілді, баяндауда жауаптың логикалық және ақпараттық мазмұнын бұрмаламайтын бірнеше қателіктер жіберілген; жауаптың негізгі мазмұнын баяндауда бір-екі кемшіліктер жіберілген. |
| | 11-12 | Бағдарлама талапқа сай болғанмен, біраз қателіктері бар.<br>Музыкалық теориялық терминологияны қолдануда қателік немесе екіден астам кемшіліктер жіберілген<br>Музыкалық тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде емес орындаған |

| | | |
|---|---|---|
| Қанағаттан арлықтай | 8-10 | Шығарманы орындау бағдарламаның сандық және сапалық талаптарына сай емес<br>Материалдың мазмұны толығымен немесе жүйелі түрде ашылмаған, бірақ білім алушы сұрақты жалпы түсінген және жеткілікті білімі көрсетілген, түсініктерді анықтауда, музыкалық терминдерді қолдануда қиындықтар мен қателіктер жіберген.<br>Музыкалық тәжірибелік тапсырманы толық көлемінде емес орындаған |
| | 5-7 | Бағдарлама сандық талаптарға жауап бере алмайды және шығарманың мән-мағынасын, дамуын түйсіне отырып орындамаған.<br>Музыкалық теориялық материалдың білімін аңғару кезінде негізгі біліктілік пен машықтардың жеткіліксіз қалыптасқандығын байқатқан |
| | 2-4 | Шығарма толығымен орындалмады, жатталмаған, қателіктері бар, музыкалық қабілеттердің (музыкалық есту, ырғақ, интонация, музыкалық есте сақтау және т.б.) білім мен орындаушылық машықтарының өте төмен деңгейі, музыкалық терминдерді пайдалану кезінде түсініктерді анықтауда қателіктер жіберген, музыкалық қабілеттері төмен деңгейі |
| | 0-1 | Білім алушының тексеріп отырған музыкалық қабілеттерінің және міндетті білім мен машықтарының толығымен жоқтығы байқалады |

**Факультеттің академиялық комитеттің жетекшісі** **З.Ж. Рабилова**